«Бекітемін»
КМҚК «Рудный музыкалық колледжі»
директорының м.а.
__________ Е.Н. Краснова
«__»__________ 2025 ж.

# ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ ЕМТИХАНДАР
# 2025–2026 оқу жылына арналған «Ішкі кеңістікті дизайндау» мамандығы бойынша шығармашылық емтихандар бағдарламасы

## 1. Емтиханның мақсаты мен міндеттері

Емтиханның мақсаты – талапкерлердің нақты нысандарды (натюрморт) және көлемді-кеңістіктік композицияларды бейнелеу арқылы көркемдік көзқарасын анықтап, дизайн саласына оқуға дайындық деңгейін бағалау.

**Міндеттері:**

- талапкердің көркем-кәсіби қызметке дайындық деңгейін анықтау;
- талапкердің көркемдік кеңістікті ұйымдастыру, композициялық міндеттерді шешу, түс, жарық-көлеңке, пішін беру қабілетін бағалау;
- эстетикалық талғамын, түске, пішінге, пропорцияға, бейнелі ойлау мен қиялын анықтау.

## 2. Шығармашылық емтихандар

«Ішкі кеңістікті дизайндау» мамандығына түсу үшін талапкер екі шығармашылық емтихан тапсырады:

**1. Сурет және живопись** – А3 форматында тұрмыстық заттардан тұратын натюрмортты түспен бейнелеу (3 сағат).
**2. Композиция** – әртүрлі үш геометриялық деneден көлемді-кеңістіктік композицияны А3 форматында жасау (3 сағат).

**«Сурет» пәні бойынша талаптар:**
**Тапсырма:** Бір тұрмыстық зат (мысалы, құмыра, шәйнек) және бір жеміс (алма, алмұрт, лимон) драпировка аясында.
**Материалдар:** А3, қарындаш, өшіргіш, акварель (балсыз), су құятын ыдыс, палитра, қылқалам (№3–10), канцелярлық түйреуіштер немесе бояу скотчы.
**Талаптар:**

- парақта дұрыс композиция;
- пропорцияларды сақтау;
- көлем мен кеңістікті беру;
- түстік және тондық қарым-қатынастар;
- толық аяқталған жұмыс.

**«Композиция» пәні бойынша талаптар:**
**Тапсырма:** 3 түрлі геометриялық денеден (шар, куб, призма, т.б.) тұратын композиция.
**Материалдар:** А3, ТМ (НВ), М (В) қарындаштар, өшіргіш, түйреуіштер немесе скотч.
**Талаптар:**

- тақырыпқа сай шығармашылық көзқарас;
- дұрыс композиция және орналасу;
- көркемдік мәнерлілік пен эстетика;
- кеңістік пен көлемді беру;
- жарық, көлеңке, рефлекстерді жеткізу;
- жұмыстың аяқталуы.

## 3. Ұсынылатын әдебиеттер тізімі

*1.* Ли Н.Г. Основы учебного академического рисунка / Николай Геннадьевич Ли.- М: Эксмо, 2018.- 480 с.
*2.* Ли Н.Г. Голова человека. Основы учебного академического рисунка / Николай Геннадьевич Ли.- М: Эксмо, 2010
*3.* Могилевцев В.А. Основы рисунка. Учебное пособие. .- СПб:, *2007*
*4.* Макарова М.Н. Рисунок и Перспективы: Теория и практика. Учебное пособие/ - М: Академический Проект, 2016.- *382* с.
*5.* Беляева, С.Е. Основы изобразительного искусства и художественного проектирования: учебник / С.Е. Беляева.- М: Академия, 2015.- 208 с.
*1.* Могилевцев В.А. Основы живописи. Учебное пособие. .- СПб:, *2012*
*2.* Дж.Аристид. Уроки классической живописи. Техники и приемы художественной мастерской. - М.: Манн, Иванв и Фербер, *2017*
*3.* Хэйнс.Д. Акварель безправил. Техники, эксперименты, практические советы. М.: Манн, Иванв и Фербер, *2018*
*4.* Марин К. Ни дня без кисти. М.: Манн, Иванв и Фербер, *2016*
*5.* Уайт М. Портрет и фигура аквпрелью. М.: Манн, Иванв и Фербер, *2019*

## 4. Бағалау критерийлері

### Сурет және живопись

| Баллы | Традиционная оценка | Критерий |
|---|---|---|
| | **Өте жақсы** | жұмыс жоғары деңгейде орындалған;<br>парақта (форматта) дұрыс және сауатты компоновка жасалған;<br>натюрморт заттарының құрылымы мен пропорциялары дұрыс сақталған;<br>натюрморт затының ерекшеліктері (ұқсастығы) дұрыс берілген;<br>бейнеленген пішіннің түстік және жарық-көлеңкелік моделировкасы орындалған; |

| | | |
|---|---|---|
| | | □ пішін түс пен тонда егжей-тегжейлі өңделген;<br>□ жұмыс толық аяқталған. |
| | **Жақсы** | □ жұмыс жеткілікті жақсы деңгейде орындалған;<br>□ парақта (форматта) компоновка толық дұрыс орындалмаған;<br>□ нысандардың пішіні мен натюрморттағы заттардың пропорцияларында шамалы бұрмаланулар бар;<br>□ натюрморт заттарының ерекшеліктері жеткілікті дәрежеде берілмеген;<br>□ бейнеленген пішіндегі түстік және жарық-көлеңкелік моделировкада аздаған бұрмаланулар бар;<br>□ пішіннің түсі мен тонында детальдар жеткіліксіз өңделген;<br>□ жұмыс толық аяқталмаған. |
| | **Қанағаттанарлық** | □ жұмыс қанағаттанарлық деңгейде орындалған;<br>□ парақтағы (форматтағы) компоновкада бұзушылықтар бар;<br>□ нысандардың пішінін салуда айқын бұрмаланулар байқалады;<br>□ натюрморт заттарының пропорциялары сақталмаған;<br>□ натюрморт заттарының өзіндік ерекшеліктері бұрмаланған (түпнұсқаға сәйкес емес);<br>□ бейнеленген пішіндегі түстік және жарық-көлеңкелік моделировка бұрмаланған;<br>□ натюрморт заттарының түсі мен тонында ірі, өңделмеген бөлшектер бар;<br>□ жұмыс айқын түрде аяқталмаған. |
| | **Қанағаттанғысыз** | Бекітілген талаптардың ешқайсысы орындалмаған жағдайда. |

**Композиция**

| Баллы | Традиционная оценка | Критерий |
|---|---|---|
| | **Өте жақсы** | □ жұмыс жоғары деңгейде орындалған; |

| | | |
|---|---|---|
| | | парақта (форматта) сауатты және дұрыс компоновка жасалған;<br>құрылымдық тұрғыдан дұрыс салынған және пропорциялар сақталған;<br>пішіндердің көлемі мен кеңістіктің тереңдігі жеткізілген;<br>бейнеленген пішіндегі жарық пен көлеңке моделировкасы орындалған;<br>пішін тонда егжей-тегжейлі өңделген;<br>жұмыс толық аяқталған. |
| | **Жақсы** | - жұмыс жеткілікті жақсы деңгейде орындалған;<br>парақта (форматта) компоновка толық дұрыс емес;<br>нысандардың пішіні мен пропорциясында аздаған бұрмаланулар бар;<br>кеңістіктің тереңдігі берілген, бірақ пішіндердің қажетті көлемі жеткізілмеген;<br>бейнеленген пішіндегі жарық-көлеңке моделировкасында аздаған бұрмаланулар бар;<br>пішіннің тондық детальдары жеткілікті өңделмеген;<br>жұмыс толық аяқталмаған. |
| | **Қанағаттанарлық** | жұмыс қанағаттанарлық деңгейде орындалған;<br>парақта (форматта) компоновкада бұзушылықтар бар;<br>нысандардың пішінін салуда айқын бұрмаланулар байқалады;<br>кеңістік пен пішіндердің тереңдігі мен көлемін беретін элементтер жоқ;<br>бейнеленген пішіндегі жарық-көлеңкелік моделировка бұрмаланған;<br>натюрморт нысандарының тондық бөлшектері ірі әрі өңделмеген;<br>жұмыс айқын түрде аяқталмаған. |
| | **Қанағаттанғысыз** | Бекітілген талаптардың ешқайсысы орындалмаған жағдайда. |